



Сыр бойы

№173-174 (21049-21050) 15 қараша, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨЗБЕКСТАНҒА БАРДЫ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің шақыруымен Ташкентке мемлекеттік сапармен барды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

«Шығыс» әуежайында мәртебелі мейманның келуіне орай Құрмет қарауылы сап түзеді.

Мемлекет басшысын Президент Шавкат Мирзиёев қарсы алды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевті ресми қарсы алу рәсімінде Қазақстан мен Өзбекстанның әнұрандары шырқалып, Құрмет қарауылының бастығы рапорт берді. Салтанатты рәсімнен кейін президенттер бір-біріне екі елдің ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Мемлекеттер басшылары «Ташкент-Хумо» әуежайындағы әңгімелесу барысында қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі тереңдету жөнінде пікір алмасты.

Сапар бағдарламасына сәйкес бүгін президенттер келіссөздер жүргізеді. Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің төрағалығымен Қазақстан-Өзбекстан Жоғары мемлекетаралық кеңесінің екінші отырысы өтеді.

АУЫЛ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАМЫРЫ, РУХАНИ ҚАЗЫҒЫ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕКҚЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Ең алдымен, барша ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын деймін. Бұл шын мәнінде, нағыз еңбек адамдарының мейрамы екені сөзсіз. Дикандар, мал шаруашылығы мамандары, шаруалар – бәрі де еліміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосуда. Қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың стратегиялық мәні айрықша саласы. Бүгін, міне, ауыл шаруашылығына арналған екінші форумды өткізіп жатырмыз. Алқалы жиынға ауыл-аймақтардан көптеген

білікті мамандар арнайы келіп, қатысып отыр. Сондықтан бүгінгі форумды жалпыұлттық ауқымдағы басқосу деуге болады. Жаңа сөз сөйлеген азаматтар салмақты ойларын айтты, ұсыныстарды мұқият қарап, міндетті түрде ескеру қажет.

Ауыл шаруашылығы әрдайым мемлекет назарында. Президент ретінде мен осы саланың қарқынды дамуына ерекше мән беремін. Халқымыз «Егін ексе – ел тоқ» деп бекер айтпаған. Былтыр біз мол астық алып, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Биыл да күзгі жиын-терін берекелі болды. Дикандарымыз 27 миллион тонна астық жинады.

2-бет

/// КОНФЕРЕНЦИЯ

ТҮЛҒА ЕСІМІ ДӘРІПТЕЛГЕН ТАҒЫЛЫМ АЛАҢЫ

Кеше облыс әкімдігі мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бірлесіп Студенттер сарайында «Мұстафа Шоқай мұраларын зерттеудің өзекті мәселелері: тарих, таным және тағылым» халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырды. Танымдық маңызы зор іс-шара саяси қайраткер Мұстафа Шоқайдың туғанына 135 жыл толуына арналды.

Конференцияның пленарлық мәжілісін облыс әкімінің орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты Мейрамбек Шермағанбет кіріспе сөзімен ашты.



Облыс әкімінің орынбасары Алаш қайраткерлерінің күресі мен ой-пікірлері, азаттық пен мемлекеттілік туралы идеялары тәуелсіз Қазақстанның рухани іргетасы мен саяси бағдарында айрықша орын алатынын атап өтті.

– Мұстафа Шоқайдың бүкіл өмірі – ұлттық намыс пен өр рухтың, отаршылдыққа қарсы азаттық идеясын қорғаудың көрінісі. Ол түркі халықтарының ынтымағы мен рухани бірлігін армандап, өз еңбектерінде мемлекетшілдік, ұлттық сана және өркениеттік даму мәселелерін көтерді. Бүгінгі конференция – тек тарихи тағылым алаңы ғана емес, сондай-ақ Мұстафатану ғылымының қалыптасып, тереңдеп дамуының айғағы. Қорқыт

ата атындағы Қызылорда университетінде құрылған Мұстафа Шоқайтану ғылыми-зерттеу орталығы кейінгі жылдары тың тарихи деректерді анықтап, кеңінен ақпараттандырып келеді. Бұл орталықтың бастамасымен халықаралық және республикалық деңгейдегі ғылыми іс-шаралар өтті. Мұстафа Шоқай шығармаларының жинақтары жарық көрді, жаңа зерттеу жобалары жүзеге асуда. Мұстафатанушы ғалымдарымыз қайраткердің саяси-құқықтық, мәдени-ағартушылық және философиялық идеяларын жүйелеп, түркі елдерінің қазіргі интеграциялық үдерістерімен сабақтастырып отыр, – деді облыс әкімінің орынбасары.

3-бет

/// 15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ТЕҢГЕ ТҰРАҚТЫ ВАЛЮТА ҚАТАРЫНДА

Биыл ұлттық валюта – теңгенің айналымға енгеніне 32 жыл толды. Төл теңгенің тарихы 1993 жылы 12 қарашада Президент қол қойған «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» заңынан бастау алады. Ал 15 қарашада ел аумағындағы жаңа сауда-саттық жасау құралы ретінде қолданысқа енді.



Фото: Ашық дереккөзден

Ескі үлгідегі ақшаларды теңгеге айырбастау 20 қараша күні аяқталды. Айналымнан жалпы сомасы 950 миллиард рубль алынып тасталды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көп қиындықтар орын алды. Зейнетақы мен еңбекақыны төлеу айларға созылды. Себебі сол кездегі бюджеттің мүмкіндігі шектеулі еді.

Теңгенің айналымға енуі экономикалық және саяси тұрақтылыққа әкелді. Осылайша, Ұлттық валюта ел

экономикасының іргетасын қалауға ықпал етті. Халықаралық мамандардың пікірінше, теңге қазір ТМД аумағындағы тұрақты валюталар қатарында.

Облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабектің айтуынша, теңгенің айналымға түсуі өңір экономикасына серпіліс беріп, дамуына елеулі әсер етті.

2-бет

«ТҰМАР» – ӨНЕРКӘСІПТІ ДАМУТУДАҒЫ ТЫҢ ЖОБА

Өңірде шағын және орта бизнесті дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды. Соның бірі – «Тұмар» шағын өнеркәсіп аймағы. Нысан жақында ашылып, кәсіпкерлер игілігіне берілді. Жоба құны 526 миллион теңге. Жалпы бұл жоба өткен жылдан бері Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп, өңірлерде шағын өнеркәсіптік аймақтар құру мақсатында

жүзеге асуда. Шағын өнеркәсіптік парк – жалға алушы кәсіпорындардың өндірістік қызметін жүзеге асыруына барлық жағдай жасалған арнайы аймақ. Мұнда қажетті инфрақұрылым, инженерлік желілер, өндірістік, қойма және әкімшілік ғимараттар толық қарастырылған. Осы орайда «Тұмар» ЖК басшысы Жібек Мұхимова өндіріс аймағының жұмысын көрсетті.

5-бет

ТАРАЗЫ

ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСІМІ – ЕҢ ЖАҚСЫ КӨРСЕТКІШ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мемлекет және қоғам қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммедке қала аумағындағы жаңадан салынған әлеуметтік, инфрақұрылымдық нысандарды таныстырды.

Алдымен Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарын көрді. Қазіргі таңда саябақ аумағында ауқымды абаттандыру жобалары қолға алынған. Бас мердігер Bi Global ЖШС жобаға сәйкес 3 аллея, 6 субұрқақ, 5 амфитеатр, 7 балалар ойын алаңын, 4 спорт және 4 workout, 7 демалыс аймағын, 4 фудкорт, теннис үстелдерін, биіктігі 50 метр болатын айналымалы дөңгелек аттракцион, би алаңын, стритбол, вело және жүгіру жолақтарын, сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдарын, арқан саябағы мен модульдік-санитарлық нысандар орналастырмақ.

Саябақта жылдың төрт мезгілінде үздіксіз жұмыс істейтін 300 орындық заманауи балалар тынығу лагері мен Ботаникалық білім беру орталығы (қысқы бақ) бой көтеріп келеді. Бұл нысандардың бас мердігері Alem Qurylys AQ ЖШС осы аумаққа спорт блогын, іс-шараларға арналған event-аймақ, тұрғын корпустар, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимараттар, дәстүрлі киіз үйлер, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы және сахна салуды қарастырған. Әрі қарай көпфункционалды «Өнер орталығында» болады. Қала сәулетіне ерекше сән берген ғимаратта бүгінде симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы

концерттік бағдарламалар, шығармашылық кештер, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өтеді. Келесі нысан – балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы. Мұнда бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылданады. Бассейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және фитнес залы, сондай-ақ үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек залдары бар. Барлық залда ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері қарастырылған. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин-арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді. Мұнан бөлек, «Анаға тағзым» орталығын, орталық алаңды, тарихи-өлкетану музейін, қалалық демалыс саябағын, «Қайсар арена» жаңа стадионын да көріп шықты. Аралаудан соң Мұхтар Құл-Мұхаммед Сыр өңіріндегі әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың ауқымын жоғары бағалап, өңірдің дамуына оң баға берді. «Қызылорда облысындағы халық санының өсімі – еліміздегі ең жақсы көрсеткіш. Аймақтың халқы ғана емес, бюджеті де еселеп артқан. Жыл сайын жаңа ғимараттар салынуда. 2008 жылы негізі қаланған Президент паркі Қазақстандағы ең ірі демалыс орнының біріне айналады. Сол жағалау ең алғаш рет 2008 жылы қаланың Бас жоспарына енгізілген болатын. Бүгінде ол 30 мың тұрғыны бар жаңа қалаға айналды. Жаңадан салынған нысандар – Қызылорданың өсіп-өркендегенінің белгісі», – деді Мұхтар Абраұлы.

ҒАЛЫМНЫҢ ҒАСЫРЛЫҚ БИІГІ

Кеше облыс әкімдігінде көрнекті ғалым, геология-минералогия ғылымдарының докторы, академик, мемлекет және қоғам қайраткері Шахмардан Есеновтің 100 жылдығына орай «Шахмардан Есенов және оның Қазақстан ғылымы мен мұнай-газ саласын дамытудағы рөлі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті. Бұл шараға мұнай-газ саласында жемісті қызмет атқарған аға буын өкілдері, мамандар, ғалымдар және өзге де азаматтар қатысты.

Конференцияның ашылу рәсімінде облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев еліміздің өнеркәсіп саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғарлы тұлғаның өмір жолына тоқталып өтті. Биыл дүниеге келгеніне жүз жыл толып отырған ғалым Қазақстанның мұнай-газ саласының өсіп-өркендеуіне еселі еңбек сіңірді. «Kazenergy» Басқарма төрағасының орынбасары, Қазақстанның Еңбек Ері Ұзақбай Қарабалин еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында қолтанбасын қалдырған ғалым қаншама ғибратты ісімен елдің есінде қалғанын атап өтті. – Халықтың қамын ойлаған абзал азамат ел мен жерге қызмет етудің өнегелі үлгісін көрсетті. Пайым мен парасат иесі өзінің ғылым жолында уақытпен санаспай еңбек етіп, кеменгерліктегі бнйқ шыңынан көріне білді. Еліміздің әр қиырынан көптеген кен орнына барлау жасап, оны ысырапсыз өндіру үшін тиімді технологияны қолдануға ерекше мән берді. Еліміздің геология министрі қызметін атқарған кезеңде Маңғыстау өңіріндегі мұнай-газ саласының қарқынды дамуына жоғары деңгейде қолдау көрсетті. Сондай-ақ жерасты қазба байлығын өндіру ісінде қаншама тәжірибелі мамандарды дайындауға ерекше мән берді, – деді ол.

Ал мемлекет және қоғам қайраткері Ләззат Қиынов Шахмардан Есеновтің ғылым-білім жолында табандылық танытуымен жоғары оқу орындарында арнайы факультеттер ашылып, онда жастардың білім алуына мүмкіндік туғаны, елімізде көптеген өндіріс ошақтары іске қосылып, халықтың табысы арта түскенін айтты. Қ.Сәтбаев атындағы геологиялық ғылымдар институтының директоры, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор Герой Жолтаев ғажайып ғалымның есімін дәріптеу қажеттігіне тоқталды. Бұл ретте Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінен арнайы аудитория ашу артық емес. – Мұнай-газ саласында еңбек етіп жүрген біз сол сабақтастықты лайықты жалғастырып, ел алдында міндет пен мақсатты сезініп келеміз. Ғибратты ғалым салған ұлы жол қай кезде де жарқырап тұра берері сөзсіз. Шахмардан Есенов қай кезде де батыл шешім қабылдай алатын қасиетімен ерекшеленетін. Ол кезінде Қаныш Сәтпаев секілді геология саласындағы көрнекті ғалымның ғибратты мектебінен өтті, – деді сөз кезегінде «Саутс-Ойл» мұнай компаниясының президенті Серікжан Сейітжанов. Республикалық конференция барысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма мүшесі-ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Майнура Бөрібаева, «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры, техника ғылымдарының кандидаты Ғалым Байманов және өзге де азаматтар мазмұнды баяндама жасады.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

КҮРІШ ӨНДІРУШІЛЕР ӘЛЕМДІК КӨРМЕГЕ ҚАТЫСТЫ

Қазақстандық күріш өндіру және өңдеу саласының мамандары Германияның Ганновер қаласында өткен AGRITECHNICA 2025 әлемдік агротехникалық көрмесіне қатысты. Көрмеге 2 700-ден астам компания келген, бұл – агроөндірістің жаһандық деңгейде трансформацияланғанына айқын мысал.

Бүгінгі негізгі бағыт – агросекторды цифрландыру, күріш индустриясын дамыту, су ресурстарын үнемдейтін және смарт-технологияларды енгізу. Осы сапарда күріш жинайтын, жер өңдейтін техникалық жабдықтарды, DJI T100 дрондарын (Қызылордада қарашаның соңында таныстырылады), күріш сақтау қоймаларын интеллектуалды басқару жүйелерін, алқапты тегістеу және ақылды дренаж жүйелерін қолдану технологияларын жеткізу туралы келісімдер жасалды. Бұл – инновациялық агроплатформаға бағытталған нақты қадам. Тұрақты даму, цифрлық трансформация және ресурстарды тиімді пайдалану өсімді қамтамасыз етеді.



ТҰЛҒА ЕСІМІ ДӘРІПТЕЛГЕН ТАҒЫЛЫМ АЛАҢЫ

Сондай-ақ ол қайраткер есімін дәріптеу, мұрасын насихаттау бағытында атқарылған жұмыстарға тоқталды. Аймақтағы бірқатар көше мен мектепке Мұстафа Шоқай есімі берілді, облыс орталығында Алаш көсемінің алып ескерткіші бар. Университетте Мұстафа Шоқай оқулары дәстүрлі түрде ұйымдастырылып тұрады, жас ғалымдардың зерттеу бағыттары кеңейе түсті. Мектептер мен жоғары оқу орындарында Түркі дүниесінің ұлы перзентін дәріптейтін ғылыми-танымдық, тәрбиелік шаралар үзілген емес. Н.Бекежанов атындағы драмалық театрда тақырыптық қойылымдар көрсетіліп, деректі фильмдер түсіріліп, еңбектері мен энциклопедиясы жарық көрді. Конференцияға Қазақстан, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан елдерінен ғалымдар мен зерттеушілер қатысып, қоғам қайраткерінің өмір жолы, саяси-қоғамдық қызметі, публицистикалық-ағартушылық еңбектері, сондай-ақ идеяларының қазіргі кезеңдегі өзектілігі жөнінде баяндамалар жасады. Түркиядағы Мимар Синан көркемөнер университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Әбдіуақап Қара Алаш қозғалысы мен Мұстафа Шоқайдың саяси-идеялық мұрасы арасындағы өзара сабақтастық пен рухани үндестікті жан-жақты қарастырды. – XX ғасырдың басында Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулат сынды тұлғалар мен Мұстафа Шоқай қазақ елінің бостандығын, бодандықтан азат болып, өз алдына жеке мемлекет болуды армандады. Бұл өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялы-



ларына ортақ мақсат болды. Оған жету барысында түркі халықтарының бірлігі мен халықаралық деңгейде өзара ынтымақтастық орнату, мәдени және саяси негізде бірігу идеясын да басты ұстанымына айналдырды. Мұстафа Шоқайдың түркі дүниесіндегі бірлікке қатысты көзқарасы тек XX ғасырдың басындағы тарихи пікірлермен шектелмейді. Ол бүгінде тәуелсіз түркі мемлекеттері арасындағы өзара әрекеттестіктің идеялық және саяси негізі ретінде де өзектілігін сақтап отыр. 2009 жылы Нахчыванда алдымен Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі ретінде құрылған, 2021 жылдан бастап Түркі мемлекеттері ұйымы атымен құрылымдық тұрғыда айтарлықтай күшейген халықаралық ұйым қызметі Шоқайдың түркі халықтарының тең және ерікті ынтымақтастығы туралы идеяларымен елеулі түрде үндеседі. Ұйымның тіл, мәдениет, экономика мен тарих бағытындағы бастамаларын Шоқай еңбектерінде сипатталған стратегиялық

бағыттардың қазіргі заманғы жалғасы ретінде бағалауға болады, – дейді ғалым. Сонымен қатар ол Түркі мемлекеттері ұйымы шеңберінде жүзеге асып жатқан ортақ әліпбиге көшу, білім беру бағдарламаларын үйлестіру, ғылыми терминологияны біріздендіру жобалары Шоқай ұсынған рухани және зияткерлік бірігудің заманауи әрі институционалдық көрінісі деп есептейтінін жеткізді. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов 2008-2012 жылдары өзі қатысқан халықаралық ғылыми-зерттеу экспедициясы нәтижесінде төрт сериядан тұратын деректі фильм түсіріліп, екітомдық тарихи-зерттеу сапарнамалық кітаптар жарық көргенін жеткізді. – Мұстафа Шоқай есімінің, оның түркістандықтар үшін жасаған өлшеусіз еңбегінің елге әділ бағаман кайта оралуына кедергі келтіруге тырысатындар әлі де бар екені

жасырын емес. Мұны Мұстафа Шоқайдың атын актауыма қатысты екі жылға созылған сот процестерінен де көруге болады. Аталған істердің материалдары шовинистік көзқарастың сарқыншағықоғамымыздаәлікездесетінін дәлелдейді. Соған қарамастан сотта жеңіске жетіп, тарихи әділеттің салтанат құруына үлес қостым. Осы кезеңнің жалғасы ретінде «Экспедициядан кейін» атты кітабым дүниеге келді. Бұл кітап 2023 жылы жарық көрді және болашақ шоқайтанушыларға, жалпы түркітану мен отарлық кезең мұраларын зерттеушілерге жүйелі көмекші құрал болады деп сенемін, – дейді қаламгер. Мұстафа Шоқайтану ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі, саяси ғылымдар докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір тарихи тұлғаның саяси қызметі және мол мұрасын тыңғылықты зерттеумен тұрақты түрде айналысып келеді. Ғалым жиын барысында оның өмір жолы мен шығармашылық еңбегіне тоқталды. – Мұстафа Шоқай Францияда жиырма жылдан астам саяси қызметте жүргенде кейде әділеттілік үшін айтысқа барған. Көзбен көргені, ойға түйгені мол, түркітөктес эмигранттардың кемел көсемі ғана емес, түйінді сөздің шешені де болды. Бұған энциклопедиялық білімдар тұлғаның Кеңес өкіметінің ұлттық саясаты, Түркістанның азаттығы үшін күрес, ұлтшылдық, шовинизм, автономия, тәуелсіз ұлттық мемлекет, мәні мен мазмұны, оған жету амалдары мен жолдары, қоғамдағы саяси қайраткерлер мен зиялы қауымның орны, оларға қойылатын талап-тілектер, тағы басқа тақырыптар туралы саяси әлеуметтік ой-тұжырымдары мен нақыл сөздері толық дәлел бола алады. Тәуелсіздік,

ұлттық мемлекет Мұстафа Шоқайдың бүкіл саяси қызметі мен шығармашылық мұрасының басты тақырыбы болды. Осы аса қасиетті мұрат туралы Мұстафа Шоқай 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арнаған сөзінде: «Түркістанның мақсаты – өзінің құрылысы – миллет үкіметін құрып, дербес, өз алдына бір өкімет болып тұру» дей келе, Түркістанды «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уәзіфа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық» деп керемет бейнелеген, – дейді Әбдіжәлел Бәкір. Баяндамашылардың сөзіне Мұстафа Шоқайдың саяси-құқықтық, публицистикалық және ағартушылық мұрасын кешенді түрде зерттеу, оның мемлекетшілдік идеяларының қазіргі кезеңдегі өзектілігін айқындау, Мұстафатану ғылымының дамуына жаңадан серпін беру тақырыптары арқау болды. Конференция жұмысы бірқатар ұсыныс берумен қорытындыланды. Оның ішінде Мұстафа Шоқайдың шығармашылық және саяси мұрасын цифрландыру, ашық электронды цифрлық платформаны іске қосу, Қызылорда қаласында дарияның сол жағалауында Алаш қайраткерлері аллеясын ашу, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде демеушілер есебінен жыл сайын конкурстенгізде білім алушыларға арнаулы білім гранты мен стипендия тағайындау керектігі айтылды.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

